

ЖШС «Бөбек KIDS»
БИН 220640009436
БҚО, Орал қ.,
Отаралы Бүркітов, 1
87078845241



ТОО «Бөбек KIDS»
БИН 220640009436
ЗКО, г.Уральск
Отаралы Бүркітов, 1
87078845241

«БӨБЕК KIDS» жеке бөбекжай

БҰЙРЫҚ

№ 6 дғмаишз 2025 ж

Азаматтық қорғау және төтенше жағдайлар жұмысына комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі «Азаматтық қорғау» №188-V-ҚРЗ сәкес және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 20 сәірдегі «Халыққа және азаматтық қорғау саласындағы мамандарға хабар беру, білімді насихатта, оқыту қағидаларын бекіту туралы» 381 бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Жоғарында аталған ҚР Заңының 19 бабаның 3 тармақшасына сәйкес азаматтық қорғанысқа басшылықты өзіме жүктеймін.
2. Келесі құрамында азаматтық қорғаныс штабы құрылсын:
Г.Айткалиева - меңгеруші, азаматтық қорғаныс штабының басшысы
И.Елеусинова-есепші, штаб мүшесі
А.Кажимова- аспазшы, штаб мүшесі
Ж.Тлегенова- , штаб мүшесі
3. Келесі штабқа бағынышты объекті құрамалар ұйымдастырылсын:
Қоғамдық тәртіпті сақтау бөлімі –
А.Әубекер –әдіскер
Р.Искакова– тәрбиеші
4. Өрт сөндіру бөлімі – А.Алдамжарова – тәрбиеші көмекшісі
Ж.Садыкова- тәрбиеші көмекшісі
Санитарлық бөлімі – Б.Гумарова медбике, командирі А.Бисағалиева - тәрбиеші
5. Азаматтық қорғаныс штабының жоспарына сай барлық қызметкерлермен азаматтық қорғаныс саласында ұйымдастырылатын төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жоюға жоспарланған тактикалық шараларға, кешенгі оқуларға, штабтық жаттықтыруға, азаматтық қорғаныс саласында білімді насихаттауға және оқуына тарту штаб құрамы міндеттелсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

«Бөбек kids» жеке бөбекжай
меңгерушісі



Г.М.Айткалиева

«Минус 10 лет» жеке бөбекка
рунсі Айткалиева Г

Терроризмге қарсы күрес іс-шаралар жоспары

№	Жүргізілетін жұмыс	Мерзімі	Жауапты
	Ұйымдастыру шаралары		
1	«Терроризмге қарсы күрес» ҚР заңымен таныстыру Жиналыс №1 (Хаттамасы)	Қаңтар	Әубекер А.Н
2	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықпен танысу	Қаңтар	Әубекер А.Н
	Терроризмге қарсы күрес іс-шарасы		
3	Стенд жасау, буклеттер жасау	Ақпан	Тәрбиешілер
4	Балабақшада «Қауіпсіз балабақша» атты терроризмге қарсы-іс қимыл өткізу.	Ақпан Қаңтар Сәуір	тәрбиешілер
5	Қызметкерлермен оқу өткізу, журнал жүргізу	үнемі	Әубекер А.Н
6	Ата-аналар арасында түсіндірме жұмыстар жүргізу	үнемі	тәрбиешілер
7	Жазғы жұмыс кезінде қауіпсіздікті сақтау бойынша нұсқаулар өткізу	Мамыр-тамыз	тәрбиешілер
	Балалармен жұмыс		
8	Телефоннан террористер туралы видеолар көрсетпеу туралы ата-анасымен жұмыс жүргізу. Бүктемелер тарату	үнемі	тәрбиешілер
9	Жұмыс жоспарын жасау. Объектінің паспортын жасау	жоспарлы	Әубекер А.Н, тәрбиешілер

ЖШС «Бөбек kids» жеке бөбекжайы
«Терроризмге қарсы күрес» ҚР заңымен таныстыру

Жиналыс хаттамасы №1

08.01.2025

Қатысқандар:

Күн тәртібінде

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықпен танысу

Тыңдалды:

Терроризмге қарсы күрес мүшесінің төрайымы – Айткалиева Г.М

Терроризм – мемлекеттің қауіпсіздігін бұзу үшін, мемлекеттік органдардың қабылдайтын шешімдеріне әсер ету үшін және басқада террористік мақсаттарға жету үшін жасалатын құқыққа қарсы, қылмыстық жазаланатын жұмыс деді. Терроризм «үкімет немесе қоғамды белгілі бір саяси талаптарды қабылдауға мәжбүрлеу мақсатында жүйелі түрде жасалатын қоқан лоққы мен зорлық зомбылық» дегенге саяды. Ендігі кезекте экстремизм мен терроризмнің алдын алу жолдарына тоқталсақ. Терроризмге қарсы күрестің бірден-бір жолы – олар туралы өз уақытында шынайы мәлімет беру. Бұл жерде, әрине, күнделікті ақпарат құралдарының рөлі өте жоғары. Сондықтан да барлық білім беру мекемелерінде алдын ала түсіндіу жұмыстары жүргізілуі, атқарылуы тиіс дей келе терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықпен таныстырып өтті. Осы Заң Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі - Нұсқаулық) "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабының 1-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес әзірленгенін айтты. (2-тарау.)

Өткізу режимін ұйымдастыруға қойылатын талаптар туралы, Осы тарау объектілердің терроризмге қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ету

мақсаттарына сәйкес келетін объектілердегі өткізу режимін ұйымдастыруға қойылатын талаптарды анықтайды.

Объектілердің меншік иелері, басшылары 6-тараудың 77-тармағына сәйкес 2-топқа жатқызылған объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының неғұрлым жоғары деңгейін қамтамасыз ету үшін "Күзет қызметін жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 959 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10371 тіркелген) сәйкес жекеменшік күзет ұйымдарымен кемінде үш жыл мерзімге күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасатынын, Күзет қызметінің субъектісімен көрсетілетін күзет қызметтер туралы шарт жобасы қамқоршылық (ата-аналар) кеңесімен келісілгенін айтып өтті. 3-тарауда Профилактикалық және оқу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптар туралы айтылғанын атап өтті.

Шешімі:

Эвакуациялық комиссияның төрағасы – Айткалиева Г.М болып бекітілсін.

1. 2025-2026 жылдарға арналған терроризмге және экстримизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмыс жүйесі бекітілсін (1-қосымша-объектінің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі жұмыс жоспары)
2. Терроризмге қарсы топ туралы 2025-2026 жылдарға арналған ереже бекітілсін

Төрайым:

Хатшы

